



БҰЙРЫҚ

05.01.2016 г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 01-н

город Астана

Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

2002 жылғы 3 шілдедегі № 331 «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-6-бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығымен бекітілген пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік, өндірістік сынақтауды және мемлекеттік тіркеуді жүргізу Қағидасының 43-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуіне байланысты, Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізімінен осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес пестицидтер (улы химикаттар) алынып тасталсын.

2. Қайта тіркеу жүргізілуіне байланысты, Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізіміндегі пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеу мерзімі осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес ұзартылсын.

3. Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізіміне № 3 Толықтыру осы бұйрықтың 3 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Регистранттардың ауысуына байланысты, Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізімінен осы бұйрықтың 4 қосымшасына сәйкес пестицидтердің (улы химикаттардың) регистранттардың атауы өзгертілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мемлекеттік фитосанитариялық инспекция басқармасы Тізімді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсына орналастыру және типографиялық тәсілмен басып шығару жөніндегі шараларды қабылдасын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Төрағасының орынбасары А.М. Марсқа жүктелсін.

Комитет төрағасы



Б. Рахимбеков